



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

№ 20/716

21 мая 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Тәуелсіздік жетістіктері

ҚАРАҒАНДЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА



Тәу еткен Тәуелсіздік жылдарында облыстың ішкі өңірлік өнім өндіру көлемі бірнеше есеге артты. Айталық, 1991-1993 жылдары ЖІӨ көлемі жан басына шаққанда небары 2 мың теңге болса, қазір бұл көрсеткіш бірнеше миллионға жеткен. Өңірдің жалпы ішкі өнімі осыдан бес жыл бұрын 3 трлн. теңгені құраған. Сөйтіп, өндірістің өнім өндіруі 3,1 пайызға артқан.

Облыстағы жалпы ішкі өнім көлемінің 51 пайызы — өнеркәсіп саласына тиесілі екен. Ал, көмір өндіру Тәуелсіздік жылдарында 2 есе өсті. Мәселен, 1995 жылы 19 млн. тонна өндірілсе, қазір бұл көрсеткіш 36 млн. тонна. Облыста 11 шахта, 7 көмір разрезі, 4 шағын көміралушы кәсіпорын бар. Онда 20 мыңға тарта адам еңбек етеді. Өнеркәсіп өндірісі көлемі соңғы 5 жылда 455 млрд.теңгеден 603 млрд. теңгеге дейін жетті. Сөйтіп, 33 пайызға ұлғайған.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында облысқа инвестиция тарту арқылы 97 жоба іске асырылуда. Бүгінде ол жобаның 72-сі мәреге жетіп, 5 мың жұмыс орнын қамтамасыз етті. Жалпы, облыстағы өнеркәсіптің 34 пайызы өңдеумен айналысады. Сонымен, өңдеуші өнеркәсіптің өнім өндіруі 20 млн. теңгеден 1 трлн.теңгеге дейін жетті.

Биылғы жыл бүкіл әлем үшін өте күрделі болды. Карантин енгізілгеннен кейін іскерлік белсенділік төмендеді, бұл біздің облыстың барлық экспорттық өнімдеріне, соның ішінде мыс пен металл бағасының төмендеуіне әкелді. Дегенмен, облыс оң нәтижелерге қол жеткізуде. Жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, кәсіпорындар мен мемлекеттік қолдау бағдарламаларын ашу есебінен жаңа жұмыс орындарын құру мүмкін болды.

Сонымен қатар, облыстағы алпауыт кәсіпорындар да бұл жылдары жаңа жобаларды іске қосып, өнім өндіруді ұлғайтып келеді. Мәселен, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ жаңа газдан тазарту цехын іске қосты, домна пештерін күрделі жөндеуден өткізді. Сондай-ақ, басқа да, іргелі жобаларды іске асырды.

Ал, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің жұмыс ауқымы жыл сайын ұлғайып келеді.

Аймақтың тынысын ашқан тағы бір өнеркәсіп алаңы, ол – Елбасының тікелей тапсырмасымен іргесі қаланған «Сарыарқа» арнаулы экономикалық аймағы. АЭА-ның аумағы – 534,9 гектар. АЭА – металлургия өнеркәсібін және металл өңдеу саласын дамыту, атап айтқанда, әлемдік сауда таңбаларын өндірушілерді тарту жолымен бұйымдарды өндіру, шикізатты тереңдете өңдеу жөніндегі өндірістерді және технологияларды құру мен жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу және ғылымтехникалық инновациялық жобаларды әзірлеу, қолайлы инвестиция-

лық ахуал қалыптастыру және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін отандық және шетелдік қаражат тарту, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу үшін, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатын көздейді. Осыдан бес жыл бұрын аймақтағы экономикаға шетелдік инвесторлар 17 млрд. теңге қаржы құйса, бұл көрсеткіш жыл өткен сайын ұлғая түскен. Демек, облыста инвестиция тарту үшін жақсы жағдай бар. Қазірдің өзінде 2 трлн. теңгеге жуық сомаға 50 жаңа инвестициялық жоба іске асырылуда.

Тәуелсіздік жылдарында облыста шағын және орта бизнес субъекті саны еселене түсті. Бүгінде облыста белсенді 100 мыңнан аса кәсіпкер бар. Онда нәпақасын айырып жүргендердің саны – 236 мың адам. Кәсіпкерлік саласының өңір өніміндегі үлесі 20 есеге өсіп, 750 млрд. теңгеге жетіп отыр. Бұл облыстағы алпауыттар «АрселорМиттал Теміртау» АҚ мен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС өндіретін өнімнің құнымен тең келеді. Бұған қоса, мемлекет тарапынан шағын және орта бизнеске көрсетілген қолдаудың да аясы — кең. Түрлі саланы қамтитын бағдарламалар нәтижесінде көптеген отандастар өз кәсібін ашуға мүмкіндік алды. Мысалы, 2010 жылдан бері қолға алынған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен облыста мыңнан астам кәсіпорын қамтылған.

Облыста үш ауысымдық және апаттық жағдайдағы мектептер проблемасын шешу оңтайлы қолға алынған. Облыстық бюджет қаражаты есебінен салынған мектептерді айтпағанда, дарынды балаларға арналған, бірегей білім беру жобасы бар «Назарбаев зияткерлік мектебі» де бар.

Денсаулық сақтау саласында халық игілігіне тапсырылған нысандарды да ауыз толтырып айтуға болады. Мысалы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығында облыста 60 денсаулық сақтау нысаны берілсе, жыл сайын бұл көрсеткіш саны артып отырды. Мәселен, 2018 жылы жалпы 4 медициналық ұйым ашылса, 2019 жылы облыс орталығында тағы 4 емхана ашылған. Одан бөлек, аудандарда ашылып, жергілікті халыққа қалтқысыз қызмет етіп тұрған дәрігерлік амбулаториялар қаншама?!

Ерекше атап айтуға болатын еліміздегі үздік кардиохирургиялық орталық, қан орталығы, нейро-инсульттық орталық та осы Қарағанды облысында.

Індет салдарынан туындаған қиындықтарға қарамастан, кейінгі жылы облыста тұрғын үй салу қарқыны арта түсті. Егер осыдан бес жыл бұрын облыста 6 млн. шаршы метр тұрғын үй салынып, 61 мың отбасы қоныстойын атап өтуге мүмкіндік алса, 2017 жылы – 3393, 2018 жылы – 4135 пәтер пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны жылдан-жылға ұлғаюда. Сондықтан да, қоғамның әлжуаз топтары үшін баспана мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолжетімді болды.

Тәуелсіздік жылдарында облыста мәдениет пен спорттың тамаша нысандары бой көтергенін айту керек. Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, Серік Сәпиев атындағы бокс орталығы, теннис орталығы, мұз сарайы, Достық үйі секілді әлеуметтік нысандар – Тәуелсіздіктің тартуы.

Дерек-көз: <https://ortalyq.kz/7845582-2>
Призерек қ. ІС, МЖТДБ

На страже безопасности

ЕЛБАСЫ ПРОВЕЛ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ РК

Первый Президент РК – Елбасы Нурсултан Назарбаев провел заседание Совета Безопасности, передает [Kazpravda.kz](https://kazpravda.kz) со ссылкой на пресс-службу Первого Президента РК.

В ходе заседания был рассмотрен проект Концепции строительства и развития Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований до 2030 года, а также обсуждены вопросы обеспечения пограничной безопасности.



Открывая заседание, Председатель Совета Безопасности указал на сложные внешние условия развития страны, в первую очередь связанные с социально-экономическими последствиями глобальной пандемии коронавирусной инфекции. В этой связи была отмечена важность работы по вакцинации, а также необходимость решения Правительством социальных вопросов населения и сохранения темпов экономического роста.

Нурсултан Назарбаев обозначил необходимость выработки новых подходов в военном строительстве и конфигурации Вооруженных сил в современных реалиях.

"Мы установили крепкие дружеские отношения со всеми соседями и прочное партнерство с ведущими державами. Вместе с тем сильная армия является важнейшим

гарантом безопасности страны", – сказал Председатель Совета Безопасности.

Елбасы заявил, что сегодня важное значение обретают готовность к отражению асимметричных и гибридных угроз, внедрение новых технологий и автоматизация управления военными процессами.

"Наши Вооруженные силы должны быть способны защитить суверенитет и территориальную целостность, отстоять национальные интересы. Все это должно быть учтено при планировании развития армии на ближайшее десятилетие", – поручил Нурсултан Назарбаев.

Председатель Совета Безопасности подчеркнул, что решение задачи обеспечения пограничной безопасности требует не только совершенствования работы Пограничной службы и методов охраны границы,

но и системных мер, связанных с направлениями экономической, информационной, общественной и военной безопасности.

"Необходимо обеспечить надежную охрану границы от всех видов угроз. Строительство Пограничной службы и Вооруженных сил должно быть синхронизировано и проводиться по единым стандартам. В то же время мы должны рассматривать вопрос пограничной безопасности комплексно, системно", – сказал Нурсултан Назарбаев.

Вместе с тем приоритеты территориально-пространственного развития страны должны соотноситься с задачами по обеспечению пограничной безопасности.

Источник: <https://kazpravda.kz/news>

Коронавирус

ЦОЙ О СТАБИЛИЗАЦИИ ЭПИДСИТУАЦИИ С КОРОНАВИРУСОМ В РК

Министр здравоохранения РК Алексей Цой на заседании Правительства рассказал о санитарно-эпидемиологической ситуации в Казахстане, передает [Kazpravda.kz](https://kazpravda.kz).

"В настоящее время наблюдается положительная динамика снижения заболеваемости и постепенная стабилизация эпидемиологической ситуации. Так, за последние две недели заболеваемость снизилась на 20%. Занятость коек в разрезе регионов по состоянию на май текущего года составляет 36%, реанимационных коек – 28%", – сообщил Цой.

Глава Минздрава также отметил, что высокая занятость инфекционных коек зарегистрирована в Нур-Султане - 49% и Алматинской области - 45%. Реанимационных коек в Нур-Султане - 42% и Алматы - 47%.

В целом, по словам министра, Казахстан находится в "желтой" зоне.



"В "красной" зоне находится 6 регионов – Нур-Султан, Алматы, Западно-Казахстанская, Акмолинская, Карагандинская и Атырауская области. В "желтой" зоне 5 регионов - Актюбинская, Алматинская, Павлодарская, Костанайская области и Шымкент. Остальные 6 регионов в "зеленой" зоне", – резюмировал он.

Источник: <https://kazpravda.kz/news>



31-МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ҚАЗАҚКА КЕЛГЕН ҚАСІРЕТ



Өткен ғасыр қазақ халқы үшін ауыр нәубет пен қасіреттерді, «екінші ақтабан шұбырындыны» кеңірек айтты. Тарих қатпарларында қаншама жазықсыз төгілген көз жас пен аққан қан қалды. Кеңес өкіметінің қолдан күштеп ұжымдастырумен Қазақ жерінде бір емес үш бірдей ашаршылық болды. Халық қамын жеген саяси қайраткерлер, ұлт зиялылары, автономиялық республика құрушыларды, бір сөзбен айтқанда ұлт қаймағынан сескенген Кеңес өкіметі И.В.Сталиннің «Троцкийшілдер және басқа да екіжүзділерді құрту бойынша партиялық жұмыстардың жетіспеушіліктері» атты баяндамасын талқылағаннан кейін жаппай қудалау басталды. Бұл тарихта «үлкен террор» деген атпен қалады.

1925-жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И.Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға, «асыра сілтеу болмасын аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен жаппай ұжымдастыру мемлекеттің жоспарын шамадан артық орындау мақсатының нәтижесі халықты аштыққа ұшы-

ратты. Голощекин өзіне қарсы шыққан-дарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928-жылдың ортасында Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Осылайша «халық жаулары», «ұлтшылдар», «исламшылар», «түркішілдер», «жапония тыңшылары» және т.б. желеулермен қазақтың бас көтерген зиялыларынан бастап, қарапайым еңбек адамдары да жазықсыз саясаттың құрбандығына шалынды. Тіпті, Л.И.Мирзоян Сталиннің бұйрығымен жазықсыз атылғандар санын қолдан мейлінше арттыруға тырысты. 118 мың адам жазықсыз тұтқындалып оның 25 мыңы атылды. Қазақ зиялыларының әйелдері де бұл жазадан тыс қалмады. Күйеуінен бас тартпаған әйелдерді қамады. Бұл лагерь «Алжир» деген атпен тарих беттерінде қалды.

XX ғасыр басында қазақ халқының саны XX ғасырдың ортасындағыдан 2 есе көп болды. 1872-жылы статистикалық есеп бойынша қазақ даласында 5 миллионнан аса халық болған екен. 1910-жылдары Ахмет Байтұрсынұовтың «6 миллион қазақпыз» деп өлеңінде келтіруінің өзі 40 жыл ішінде қазақтардың саны тағы шамамен 1 миллионға көбейгенін білдіреді емес пе? Ал 1939-жылғы санақта қазақтар 2 миллион 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. 1916-жылғы көтеріліс, азамат соғысы, тосыннан келеген жұт, 1919-1922- жылдар аралығында бірінші аштықтың тууына себепкер болды. Мұның салдарынан 1,5 млн адам қайтыс болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары

да зардап шекті. Екінші ашаршылық Голощекиннің сталиндік тапсырманы жоспардан тыс асырып орындауының салдарынан туындады. Мысалы, бір Павлодар өңірінде орталықтан астық дайындау көлемін жыл сайын ұлғайтып отыруға нұсқау беріліп тұрған. Мәселен, 1929-1930- жылдары округ үшін жоспар 2 млн. 300 мың пұт делінсе, 1930-1931 жылдары бұл мөлшер екі есе ұлғайтылып, 7 млн. 750 мың пұтқа жеткізілген. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33- жылдардағы аштық, 1937–38-жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы аштық, қуғын сүргін салдарынан қазақтар – 22 пайызға, украиндықтар – 21 пайызға кеміген. Бұл екі халық Кеңес өкіметінде ең көп шығынға ұшыраған ел болып есептеледі.

Осы орайда, бір отбасының ата-анасын, турасын айтқанда менің бабам Қарабек пен әжем Қырмыздайдың мезгілсіз дүниеден өтуіне себепкер болған қызылдың шалақ белсенділерінің қаніпезерлік әрекеттері жайында баяндап кетейін. Қызылдың қылығынан қан тамып, сталиндік жүйенің сойылын соққан содырлардың құтырып тұрған кезінде атамыз Қарабек бір отар қой-ешкі бағып жүріпті. Жекеменшік тышқақ лағы жоқ отбасы өздері аштан қатып қалса да, колхоздің бір малын сойып жеуге құқығы болмаған. Бірде өрістегі малдың арасынан бір ешкі секеріп жүріп оппаға құлайды да, аяқтары мен қабырғасы қирап қалыпты. Аса семіз болмаса да, жерлігі бар ешкінің түбінде мал болмасын, арам өлетінін байқаған атам «басқармаға бір жөнін айтармын» деген оймен ешкіні сойып алады. Осы оқиғаның үстіне колхоздың өкілі келіп қалады. Сойылған ешкінің етін өкілге көрсеткен атам болған мән-жайды айтып, ешкінің сынған сүйектерін көрсетіп, түсіндірмекші болғанымен, оны тындайтын өкіл жоқ, сол жерде «қазының малын

ұрлап сойып алған...», - деген мазмұнда акт жасап, басқадай сұрақ-жауапсыз бір ғана актімен 3 жылға соттап жіберген. Шийттей бес баламен Қырмыздай әжеміз қалады бозынгендей боздап.

Жазықсыз жапа шегіп, қамалып кеткен атам арадан көп өтпей түрмеде сүзек ауруына шалдығады. Қамқаранада бұл жұқпалы ауру кең етек алып кетеді де, оларды емдеуге шамалары жетпеген түрме басшылығы ауруға шалдықтардың бәрін үйлеріне босатады. Үйіне құр сүлдері оралған атамның тірі қайтқанына шүкірлік еткен әжем атама қарап, қолдан келгенше емдеп алуға тырысады. Алайда сөйтіп жүргенде әжем кеселді өзіне жұқтырып алады да, көп өтпей өзі дүниеден өтеді. Аналарынан айрылға бес жетім ауру әкелерімен қалады. Күнкөрістері де, жағдайлары да қиындап кеткен балаларға масыл болмайын деді ме, ажал анық келді ме, айдан аса төсек тартып жатқан атам да қайтыс болып, балалар енді нағыз тұлдыр жетім болып қала берген... қысқаша айтқанда, сүйектері қирап қалған ешкіні сойып алғаны үшін «ауыр жазықты болған» атамды қаматқан қаніпезер өкілдің кесірінен осылайша бір отбасының иелері мезгілсіз дүниеден кетіп, бес жетім қалған ата-анасыз. Міне, қолдан ашаршылық жасаған кеңестік жүйенің бұл бір ғана көрінісі. Бұл өңіміні әжем есе алғысы келмесе де, анамыз айтып отыратын. Ертерек ес жиып, етек жапқан, бұғанасы бекіместен еңбекке араласқан менің әкемнің адал еңбегімен жеткен жетістіктерін сол аймақ қана емес, бүкіл КСРО білді, мойындады. Ал, қазақты қан қасатқан кеңестік жүйенің итаршыларының жасаған зұлымдықтары мен жауыздықтары ешқашан ұмытылмайды, тарих бетінен өшпейді. Бейжай қайтыс болған боздақтарын әрқашан еске алып отырады, рухтарына тағзым етеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Латынды қолда!

Ғасыр дертімен күрес

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРГАНДАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Қазынашылық комитеті мен барлық мемлекеттік мекемелердің «Қазынашылық-клиент» интегралды ақпараттық жүйеге өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытқа дейін «Қазынашылық-клиент» жаңа ақпараттық жүйесіне мемлекеттік мекемелер толықтай 100 пайызға көшіп жұмыс атқарып отыр. Мемлекеттік мекемелердің есепшілерімен Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсаттарының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында қазынашылық органдарының жұмыс сапасы жоғарылап, қайтарымдар саны азайып, мемлекеттік мекемелердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарды.

«Қазынашылық-клиент» жүйесін енгізу



қаржы құжаттарын қабылдау, өңдеу, орындау және қайтару рәсімдерінің айкындығын жоғарылатады.

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуға, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039) 5-20-45) қызмет жасауда.

Қалалық қазынашылық басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді. Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын салық басқармасына тапсыратын декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады. Қазынашылық басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстары алағ қойылған. Барлық қызметшілер біліктіліктерін көтеру курстарынан өткен. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Т.Д. Манақов,
Приозерск ҚҚБ басшысы

Өңірде атқарылған ІС-ШАРАЛАР

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Қарағанды облысының Ресурстық тіл орталығымен біріге отырып қазақ тілі әліпбиінің жетілдірілген жобасын қоғамдық талқылау және насихаттау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді.

Атап айтатын болсақ, қала тұрғындарының қатысуымен 2 семинар, пікірталас, 3 дөңгелек үстел, танымдық сағат, түсіндіру-насихаттау шарасы, «Еркін микрофон» жобасы ұйымдастырылып өтті. Жүргізілген

бидің жаңа нұсқасын жеңіл қабылдап, көңілге қонымды екенін мәлімдеді. Аталған шараға қаладағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, жоғары сынып оқушылары қатысып, барлығы 165 адам қамтылды. Өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат бөлімнің әлеуметтік желідегі insagram, Facebook парақшаларында жарияланды.

Мамандар тарапынан ұйымдастырылған іс-шаралардан байқағанымыздай, жаңа әліпбидің жетілдірілген жобасы бекітілген



жұмыстар барысында ұсынылған жоба бойынша қатысушылардың пікірлері зерделеніп, жетілдірілген әліпбиді қабылдау деңгейлерін анықтау үшін оқу, жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған түрлі тапсырмалар орындалды. Қатысушылардың басым бөлігі жетілдірілген әліп-

жағдайда үйрету барысында соншалықты қиындықтар туындамауға тиісті деген ойдамыз.

Приозерск қаласының
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі

НАРКОМАФИЯ В КАЗАХСТАНЕ ПРОДОЛЖАЕТ МОЛОДЕТЬ

Наркомании - нет!

Наркомафия в Казахстане продолжает молодеть. Если раньше основной костяк наркодельцов состоял из прожженных и закоренелых преступников, то теперь все чаще криминалом промышленности еще совсем дети.

Другая игра

Понт, страх, деньги, желание стать независимым... Что еще может подтолкнуть на скользкий путь, вымощенный наркотическими препаратами? На прошлой неделе стало известно, что карагандинские силовики накрыли «фабрику» по производству наркотиков, и в очередной раз «у станка» оказались дети! Сотрудники КНБ уничтожили лабораторию, которой управляли трое подростков. Ребята снимали квартиру, где и проводили свои «уроки» химии.



О подробностях производства во время брифинга рассказал официальный представитель МВД Казахстана Нурдильда Ораз. Чиновник пояснил, что юноши сами покупали химикаты и производили из них наркотические вещества. Они закупили компоненты и смастерили оборудование, необходимое для процесса производства «зелья». Возможно ли такое провернуть без участия взрослых?!

Сама процедура получения того же героина — это сложный химический процесс, который требует определенных знаний и навыков. Притом само сырье для такого наркотика достать не так просто, во всяком случае, «пионерам» наркобизнеса... Однако «ботаники» пошли по пути наименьшего сопротивления, то есть подростки занимались производством синтетических наркотиков, а это уже совершенно другая история, со своей спецификой.

Не зря говорят, что «интернет — это большая помойка», и если в ней хорошо покопаться, то можно найти не только рецепты приготовления супов и макаронных изделий, но и различных наркотических средств. Сегодня мировой наркобизнес устроен принципиально иначе, чем еще лет 10-20 назад. Зачем выращивать плантации коки, марихуаны, когда в любой точке мира можно открыть лабораторию и производить суррогаты. По некоторым данным, сегодня от 70 до 80 процентов наркотиков на рынке — синтетические аналоги натуральных. Существуют сотни формул таких веществ. Притом обходятся они почти в 10 раз дешевле. Правда, и последствия употребления «синтетики» в десятки раз страшнее воздействия натуральных наркотиков. Но кого это волнует?!

Пусть об этой статистике и стараются особо не распространяться, но «страусиная поза» — если я не вижу проблемы, значит ее нет — не избавит от трагедий. А тем временем число подпольных нарколабораторий продолжает расти.

«Руководство МВД обеспокоено тем,

что основными потребителями новых синтетических наркотиков становятся молодые люди в возрасте от 17 до 25 лет. Мотивацией к их употреблению становятся легкодоступность, относительно невысокая цена и желание быть в тренде. В МВД отметили, что распространителями таких видов наркотиков чаще всего становятся молодые люди», — говорится в официальном сообщении.

Нарисуй себе срок

Что же повлияло на резкий рост числа мини-заводов по производству наркотиков, а главное — вовлечение в систему детей? Однозначного ответа здесь нет и быть не может, поскольку на сложившуюся ситуацию влияют сразу несколько факторов.

Во-первых, в разы выросла популяр-

ность «синтетики», а наркобароны — те, кто сидит наверху и собирает все сливки, хорошо отслеживают ситуацию на рынке. Они моментально начинают наращивать производство того «продукта», который сейчас в тренде. Да, сложно говорить маркетинговым языком, когда речь идет о десятках тысяч детских жизней, но в криминальном мире «нарко» априори нет места ни морали, ни состраданию, ни человечности. Чистый бизнес, приносящий миллиарды, и ничего личного.

Во-вторых, расширение возможностей с технической точки зрения. Все необходимые компоненты для сбора мини-цеха можно приобрести в хозяйственно-бытовых магазинах и отделах «товары для учителей», скажем, для урока химии. Причем клиент-подросток не вызовет подозрения ни у продавцов, ни у сотрудников по борьбе с наркотиками. Сами же компоненты достать так же просто, поскольку многие составляющие являются вполне законными. Да, борцы с преступностью знают обо всех этих уловках. Но бывает и так, что пойманного за руку распространителя наркотиков приходится отпускать, поскольку после химического анализа выясняется, что в пакетике с белым содержимым нет запрещенных веществ.

Новый препарат с течением времени, конечно, добавляют в черный список, но процедура запрета наркотиков в стране слишком долгая. На лабораторные работы и бюрократические процедуры уходит в среднем от шести месяцев до полутора лет. А новый вид (рецепт) синтетических наркотиков появляется каждые два (!) дня.

В-третьих, играют свою роль экономическая обстановка в стране и желание быстро заработать. Последствия ковидной пандемии, которая привела к сокращению штатных сотрудников, уменьшению заработной платы, а для кого-то и к увольнению, не пройдут бесследно. Ведь потребности у людей есть, а соблазнов в виде различных благ становится все больше. Для одних этим «жизненно» необходимым благом

может быть смартфон последнего поколения, другие хотят чего-то большего (с позиции финансовых затрат), а есть и те, кто просто пытается помочь родителям, оставшимся без работы. Тут каждую ситуацию следует рассматривать индивидуально, но объединяет их одно — незнание Закона и в большей степени самообман. Мол, «несовершеннолетних не судят, а значит, можно делать все, что захочется», заблуждаются многие подростки.

Действительно, некоторые правонарушители детям, которые не достигли 18-летнего возраста, могут «простить», но не в случае с наркобизнесом.

Здесь «Уголовная ответственность наступает с 16 лет. Наркопреступников наказывают сроком от пяти до 20 лет тюрьмы. Иногда дают пожизненное заключение», — уточнили в МВД.

Помимо этого в 2020 году в Уголовный кодекс Казахстана (УК РК) ввели новую статью. Она устанавливает уголовную ответственность до трех лет за пропаганду или рекламу наркотиков, в группе лиц — от трех до шести лет. По официальной информации, с начала года по этой статье возбуждено 10 уголовных дел — немного, но задержания уже есть. Также за сбыт наркотиков с использованием электронных ресурсов с недавнего времени предусмотрено лишение свободы на срок до 15 лет, за вовлечение в употребление наркотиков посредством электронных ресурсов — до восьми лет, за оборот веществ, использующихся для производства наркотиков, — до 10 лет.



Оторвись от монитора

Современные методы рекламирования и распространения наркотиков — это два айсберга, а которые разбиваются усилия противостоящих общественных организаций и органов правопорядка.

Введение вышеуказанных поправок в УК РК — это вынужденная мера, поскольку «трафаретная реклама» (когда краской из баллона наносят адреса интернет-магазинов, мессенджеров и прочих ресурсов на стены домов, заборы и даже на асфальт) продолжает процветать. Теперь такие инциденты будут рассматриваться не как хулиганство, за которое предусмотрена административная ответственность, а в разрезе УК.

Нерешенной проблемой остаются и интернет-магазины. Закрывать все и разом не получится. Как отмечают эксперты, сегодня это невозможно сделать технически. Закрывая какой-нибудь один магазин с «солью» (именно так называется один из наиболее популярных и опасных синтетических наркотиков), через минуту возникает «соль два», «соль три». Дело в том, что сам хостинг находится в других странах, а владелец интернет-магазина к наркотикам лично не прикасается. Товар покупают его

агенты, а тайники делают закладчики. Никто в этой системе не знает друг друга за исключением тех, кто сидит на самом вершине. Сейчас уже не те времена, как, скажем, в годы процветания империи самого известного наркобарона Пабло Эскобара.

К сожалению, остается констатировать, что изменился и состав закладчиков. Раньше этим занимались люди, втянутые в наркосреду — как правило, зависимые, которые за бесплатную дозу готовы были пойти на любые условия. Сегодня же в качестве «курьеров» могут выступать студенты, педагоги, семейные пары, пенсионеры — профессия и возраст большого значения не имеют.

Главным крючком, которым пользуются наркоторговцы, является заработок. В зависимости от города и региона «зарплата» у закладчиков может составлять от 100 до 200 тысяч тенге за рабочую неделю! Честным трудом заработать такой оклад непросто, тем более сейчас. Сопоставлять эти суммы с размером пенсий и вовсе нет никакого смысла.

Можно ли назвать те меры по борьбе с наркобизнесом, которые принимают, эффективными? Наверное, нет. Даже получив сообщение о размещении 500 закладок, полицейские успевают собрать не более сотни. Все остальные получатели разбирают уже за первые полтора-два часа.

Опасность применения синтетических наркотиков заключается в том, что эффект привыкания начинается уже от одного-двух употреблений. В свою очередь, родители, уличив ребенка в употреблении, стараются скрыть этот факт в надежде справиться с напастью своими силами. Аналогичный

путь выбирают и руководители школьных и высших учебных заведений, так сказать, чтобы не подмочить свою репутацию. Только это замалчивание обходится слишком дорого — порой ценой жизни несовершеннолетнего ребенка.

«Молодо — зелено», и в этом контексте хотелось бы, чтобы в головах подрастающего поколения не было ни «зелени», ни другой «дури». Здесь единственным эффективным инструментом остается профилактика: не отталкивайте детей, когда они к вам тянутся, находите время, чтобы проводить его в семье, умеете слышать и слушать свое чадо. Возможно, все, что нужно, чтобы уберечь его от первого шага по скользкой дорожке — это покупка наушников или другой, по сути, безделушки, о потребности в которой вы ничего не знаете, поскольку с головой зарылись в работу.

А.Рақыш,
секретарь межведомственной комиссии по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными с торговлей людьми при акимате города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарағанды облысы әкімінің 2021 жылғы 20 мамырдағы № 4-28.4309 ұсынысының негізінде және "Облыстық маңызы бар қалалар мен облыстардың аудандары, облыстық маңызы бар қалалардағы аудандар, Республикалық маңызы бар аудандар мен қалалар және Астана әкімдерін лауазымға тағайындау, өкілеттікті тоқтату және лауазымнан босату тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 86 Жарлығына сәйкес, қалалық мәслихаттың кезектен тыс IV сессиясы 2021 жылғы 24 мамырда сағат 11-00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сессия төрағасы

С.Попченко

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 19 мая 2011 года № 86 "О порядке назначения на должности, прекращения полномочий и освобождения от должностей акимов городов областного значения и районов областей, районов в городах областного значения, районов и городов республиканского значения и столицы", на основании представления акима Карагандинской области от 20 мая 2021 года № 4-28.4309 IV внеочередная сессия городского маслихата состоится 24 мая 2021 года в 11-00 часов в зале заседаний городского маслихата.

Председатель сессии

С.Попченко



ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Тәрбие тал бесіктен

Қоғамдағы жастардың алатын орны ерекше екені белгілі. Себебі, жастар әрбір елдің немесі барлық елдердің мәдени, рухани және саяси өміріне белсенді атсалысатын әлеуметтік-демографиялық топ.

Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Бүгінгі жастың – ертеңгі ел ағасы болатынын естен шығармаған аға буын өкілдері тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ел боламын десек, бесігінді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген.

С.Сейфуллин қалдырған «Келіншектің бесік жыры» нұсқасында көрсетілгендей:

*«Жақсы болып ержетсе,
Балапаны бопесі,
Бағы ашылып, анасы,
Көкке тиер төбесі...
Әлди-әлди, балашым!
Ұйықтатайын тербетіп.
Тілегім сен, құлығым,
Үміт ақта ержетіп!»*, – деп жырлаған ана сәбиінің болашақта жақсы адам болатынына сеніммен қараған.

Бала күнінен бастап ұлттың дәстүрлі құндылықтарын бойына сіңіріп, халық ауыз әдебиеті жауһарларына қанығып өскен бала ержеткенде ұлттың алдындағы жауапкершілікті сезінетін, еліне тұтқа болатын тұлғаға айналған.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы жастар тәрбиесі мәселесінде ұрпақтар сабақтасытығының әлсірегені байқалады. Атасы мен әжесінің құшағында емес, ғаламтордың шырғауында өскен кейінгі жас буын өкілдері әлеуметтік желінің кесірінен ұлт табиғатына жат мәдениетті санасына сіңіріп, түрлі ағымдар мен субмәдениеттер өкілдерін пір тұтып

өсіп келе жатқаны жасырын емес.

Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер бүгінгі күні үйреншікті нәрсеге айналуға.

Осыған орай, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Қоғамдағы жастар тәрбиесі – мемлекет деңгейіндегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі, мемлекеттің жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі екені белгілі.

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен ғана шектелмей, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар мәдени, имандылық және рухани құндылықтар, сондай-ақ, ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы қағидаттарына негізделген.

Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді.

Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі тарихымыздың тереңнен бүгінгі күнге дейін жеткен ұлттық рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне

құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Тек сонда ғана ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз.

Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек.

Егер біз тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз баянды болсын десек, «өркеніеттер қақтығысында» жұтылып кетпей өзіндік бірегейлігімізді сақтап қаламыз десек, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет.

Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын туғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет.

Себебі, бүгінгі күні ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас.

ҚР ПМ мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде. Ал

жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 2017 жылы 14 жас пен 28 жас аралығындағы 818 азамат өзіне өзі қол салса, 15 жас пен 18 жас аралығындағы 5 мыңға жуық қыз бала жүкті болып қалған.

Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспеуін көрсетеді. Ата-ана мен қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне жете көңіл бөлінбеуде және тәрбие жұмысында дәстүрлі ұлттық құндылықтар тиісті деңгейде қолданылмайды.

Осы орайда, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашада жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды түсіріп, өскелең ұрпақтың талғамына ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

«Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар», – деп Елбасы алдағы атқарылатын жұмыстарға жаңа серпін берді.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы үшін тек білімді жастарды өсіру аздық етеді, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығарғанда ғана Қазақ елі ғасырлар белесінен сүрінбей өтетіні хақ. Еліміздің болашағы тарихқа табан тіреп тұрып, болшаққа қол созатын жастардың қолында екенін ұмытпайық.

Кенесов Жолмұрат Кенесұлы,
«Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

ХАБАРЛАНДЫРУ * ОБЪЯВЛЕНИЯ

МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МФО

ЭВЕРЕСТ Финанс
ТӨМЕН % МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
НИЗКИЕ % СТАВКИ

до 1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
 - ✓ кепілсіз ✓ алты жылға дейін
- ОҢАЙ, ЫНҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров (до 78 лет) и работающих
 - ✓ без залога ✓ до шести лет
- ПРОСТО, УДОБНО И БЫСТРО!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8. МАГАЗИН
«МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Парикмахерская **Миолика**

Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107

Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Принем осуществляется строго по предварительной записи по телефону:
8-775-274-25-87
(Анталлий)

ВНИМАНИЕ, АКЦИЯ

В Карагандинской области 21 и 22 мая полицейские проведут акцию «Приёмная на дороге». Она пройдёт во фронт-офисах Департамента полиции во всех городах и районах региона.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ
«Жолда қабылдау» АКЦИЯСЫ
ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
АКЦИЯ
«Приемная на дороге»

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Байназаровой Анаргүл Кушековны, умершей 09 января 2021 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005 ***

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Гладковой Анжелики Васильевны, умершей 08 мая 2021 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 20/716. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041